

**"Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 145 қаулысына
өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 137 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 20
маусымдағы № 489 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 20.06.2023 № 489 (алғашқы ресми
жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 145 қаулысына
(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 20-21, 152-құжат) мынадай
өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік
тауарларының тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 27 наурыздағы
№ 137 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 1 наурыздағы
№ 145 қаулысымен
бекітілген

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі

Р/с №	Тауардың атауы
1	2
1	Бірінші сортты бидай ұны

2	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді)
3	Рожки (өлшеніп салынатын)
4	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын)
5	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын)
6	Картоп
7	Асханалық сәбіз
8	Басты пияз
9	Ақ қауданды қырыққабат
10	Ақ қант – құмшекер
11	Күнбағыс майы
12	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі)
13	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)
14	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада
15	Майлылығы 2,5% айран, жұмсақ қаптамада
16	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5%, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ)
17	Тауық жұмыртқасы (I санатты)
18	Ас тұзы ("Экстра" -дан басқа)
19	Сүзбе: майлылығы 5-9%